

Инвестициялық жекешелендіру купондары туралы Ережені күшіне енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1289 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Инвестициялық жекешелендіру купондары туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Жергілікті әкімдер:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп инвестициялық жекешелендіру купондарын есептеу жөніндегі аумақтық комиссиялардың жұмысын ұйымдастырсын, бұл мақсат үшін бұрын тұрғын үй купондарын есептеу үшін құрылған купондық тетікті жүзеге асыру жөніндегі комиссияларды пайдалансын;

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтық комитеттерімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Мамандандырылған мемлекеттік жинақ банкісінің мекемелеріне инвестициялық купондармен операцияларды жүргізу үшін қажетті қосымша операциялық орындар ашуға өндірістік алаңдар бөлу туралы мәселені шешсін;

- ішкі істер органдарымен бірлесіп инвестициялық жекешелендіру купондарын алу кезінде паспортқа және тууы туралы куәлікке белгі соғу үшін арнаулы штамптардың жасалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

- Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен бірлесіп компьютер техникасын және оған жұмсалатын материалдар сатып алсын және оларды Қазақстан Республикасының Мамандандырылған мемлекеттік жинақ банкісіне берсін, сондай-ақ жаппай жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асыру үшін ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету ісін ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мамандандырылған мемлекеттік жинақ банкісімен бірлесіп

қажетті бланк материалының жасалуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мамандандырылған мемлекеттік жинақ
б а н к і с і :

- халыққа жеке шот ашу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын;
- қызметкерлерді инвестициялық жекешелендіру купондарымен операциялар
ж ү р г і з у і с і н е ү й р е т с і н .

6. Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі:

- жаппай жекешелендіру бағдарламасының бұқаралық ақпарат құралдары мен
баспасөзде жан-жақты көрсетілуін қамтамасыз етсін;

- купондық механизмді насихаттау үшін қажетті жарнамалық материалдың
да й ы н д а л у ы н ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

7. Инвестициялық жекешелендіру купондары туралы Ереже 1993 жылғы 1
шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

8. Осы Ереженің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 3

ж ы л ғ ы

2 3

м а у с ы м д а ғ ы

N

1 2 8 9

Қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Жекешелендірудің инвестициялық купондары туралы
ЕРЕЖЕ**

Қазақстан Республикасындағы 1993-1995 жылдарға арналған /II кезең/
мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру Ұлттық бағдарламасына сәйкес
купон механизмі мемлекеттік меншік - одан әрі жекешелендіру процесіне
республиканың әрбір азаматының қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған. Осы
мақсатта бұдан бұрын тұрғын үйді сатып алуға арналған жекешелендіру
купондарымен қатар, халықтың жаппай жекешелендіруге қатысуының құралы
ретінде жекешелендірудің инвестициялық купондары /бұдан әрі - инвестициялық
/
е н г і з і л е д і .

Инвестициялық купондардың ақшалай маңызы жоқ және олар
жекешелендірілетін кәсіпорындардың акцияларын жинақтайтын инвестициялық
жекешелендіру қорына салуға арналған.

I. Инвестициялық купондарды есептеу тәртібі

1. Инвестициялық купондар Жинақ банкісіне барған сәттегі азаматтық
хал-ахуалының актісіне сәйкес, жас мөлшеріне қарамастан 1993 жылғы 1 шілдеге
дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып келген /тұрақты тіркемелімі

бар-кәмелетке толғандар/ Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына
б е р і л е д і .

Осы ережеде аталмаған, алайда купон алу құқысы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының санаттары оларды Меммүлікком белгілеген
т ә р т і п п е н а л а д ы .

2. Инвестициялық купондар барлық адамдарға бірдей мөлшерде 100
к у п о н н а н е с е п т е л е д і .

Селолық аудандардың тұрғындары үшін 1,2 көтеріңкілік коэффициенті
енгізіледі. Селолық елді мекендерге жатқызылатын орындарды анықтау
Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жүргізіледі.

3. Инвестициялық купондар сатуға және сатып алуға жатпайды. Олар
төмендегі туысқандық қатынастағы адамдарға /ата-аналар, балалар, немерелер,
ата, әже, аға-іні және әпке-қарындас/ ғана сыйға тартылуы, сондай-ақ заңда
белгіленген тәртіппен мұраға берілуі мүмкін.

4. Инвестициялық купондар жас мөлшеріне қарамастан оларды алу құқы бар
адамдар санаттарының барлығының жеке шоттарына аударылады. Кәмелеттік
жасқа толмағандардың шотына иелік жасау құқығы ата-аналары бірге тұрған
жағдайда олардың бірлескен өтінішінің негізінде ата-аналарының біріне беріледі.
Ата-анасы бөлек тұрған жағдайда бұл құқық баланы асырап отырған
ата-анасының біріне беріледі.

Бір отбасы мүшелерінің купондары купон тетігін жүзеге асыру жөніндегі
комиссияға берілетін кәмелеттік жасқа толған барлық отбасы мүшелерінің
жазбаша келісімімен бір отбасылық шотқа біріктірілуі мүмкін.

5. Балалар үйінде тәрбиеленуші немесе қамқорлықта жүрген балаларға,
сондай-ақ қарттарға арналған интернат-үйлерде тұратын адамдарға тиесілі
купондар олардың жеке бәсіре шоттарына аударылады. Осы шоттарды ашу,
сондай-ақ купондарды жекешелендіру инвестициялық қорына салу құқығы
балалар үйлерінің, қарттарға арналған интернат-үйлердің әкімшіліктеріне немесе
қ а м қ о р ш ы л а р ғ а б е р і л е д і .

Балалар үйінде тәрбиеленушілер мен қамқорлықта жүрген балалар кәмелеттік
жасқа толғанда купондар салынған инвестициялық қорлардың акциялары,
жекешелендіру инвестициялық купондардың қалдығы көрсетілген чек
кітапшалары , сондай-ақ бәсіре шотқа инвестициялық қорлар акцияларына
алынған дивидендтер аударылған жинақ кітапшалары олардың нақты иелеріне
б е р і л е д і .

6. Еңбекке жарамсыз, еңбекке жарамдылығы шектелген, ішінара еңбекке
жарамды /15-тен 18 жасқа дейінгілер/ болып табылатын инвестициялық
купондардың иелерінің мүдделерін Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
олардың заңды өкілдері, қамқоршылары мен асыраушылары білдіреді.

7. Республикадан сырт жерлерге оқуға еңбек контрактісі бойынша кеткен, ТМД Қарулы Күштерінің қатарына шақырылған адамдардың инвестициялық купондарға үлес құқы белгіленген тәртіппен сақталады.

Купондар есептелген сәтте Қазақстан Республикасынан сырт жерлерге тұрақты тұру үшін кеткен адамдарға /1993 жылғы 1 шілдеге дейін/ республикада тұрған мерзіміне қарамастан инвестициялық купондар берілмейді.

8. Республика аумағында әскери қызметін атқарып жатқан және 1994 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған әскери қызметшілерге инвестициялық купондар белгіленген тәртіппен беріледі.

9. Инвестициялық купондар, сондай-ақ Қазақстан Республикасына 1993 жылдың 1 шілдесінен кейін тұрақты тұруға жұмысқа шақырылуы бойынша келіп, белгіленген тәртіппен ресімделген азаматтарға, сондай-ақ 1993-1995 жылдары Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасы жүзеге асырылып жатқан кезеңде таяу және алыс шетелдерден тарихи отанына қайтып оралған тұрғылықты ұлт өкілдеріне б е р і л е д і .

10. Осы Ережеге сәйкес инвестициялық купондар алу құқығы бар адамдардың тізімін жекешелендіру /тұрғын үй/ купондарын есептеу үшін бұрын құрылған, осы тәртіп үшін белгіленген купон тетігін жүзеге асыру жөніндегі комиссиялар /бұдан әрі комиссия/ түзеді және оны Жинақ банкісінің бөлімшесіне т а п с ы р а д ы .

Балалар үйінде тәрбиеленушілерге, қарттарға арналған интернат-үйлерде тұратын адамдарға, әскери қызметшілерге купондар есептеу туралы өтініштерді комиссияға тиісті ұйымдар береді.

11. Қазақстан Республикасының тұрғындарына есептелген инвестициялық купондар Жинақ банкісінің жергілікті бөлімшелеріндегі азаматтардың бәсіре ш о т т а р ы н а т і р к е л е д і .

Біртұтас отбасылық, сондай-ақ бөлек шоттары ашу кезінде барлық отбасы мүшелерінің мынадай құжаттары көрсетіледі:

- паспорт немесе оны айырбастайтын құжат /әскери қызметшілер мен оларға теңгерілетін адамдар үшін/;

- тууы туралы куәлік /16 жасқа толмағандар үшін/.

Шоттардың ашылуына бақылау жасау паспортқа, оны айырбастайтын құжатқа, тууы туралы куәлікке арнайы белгі соғу жолымен жүргізіледі.

12. Купон механизмін жүзеге асыру жөніндегі комиссия ұсынған тізімге сәйкес Жинақ банкісінің бөлімшесі купон иелерінің өздерінің жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсетуі бойынша арнайы чек кітапшаларын ресімдейді. Заңды өкілдер /оның ішінде арнайы берілген сенімхаты бар адамдар/ қамқоршылар, асыраушылар өз өкілдіктерін куәландыратын құжатты көрсетуге

т и і с .

13. Инвестициялық купондарды есептеу мен арнайы чек кітапшаларын берудің, сондай-ақ жекешелендіру легінің басталуы мен аяқталуының мерзімдері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

14. Тиісті құжаттарды ресімдеуге, бәсіре шоттарды ашуға және чек кітапшаларын беруге байланысты шығыстарды жабу үшін азаматтар Жинақ банкісінің мекемелеріне 600 сом мөлшерінде комиссиялық алым төлейді.

Азаматтардың мынадай санаттары:

- з е й н е т к е р л е р ;
- барлық санаттардағы және топтардағы мүгедектер;
- көп балалы отбасылары (4 және одан да көп балалар);
- отбасының әр бір мүшесіне шаққандағы ең төменгі жалақының мемлекет белгілеген деңгейінен аспайтын отбасылар (табысы туралы анықтамаларды та п с ы р ғ а н ж а ғ д а й д а) ;
- жалғызілікті аналар;
- балалар үйлерінде тәрбиеленгендер;
- қарттарға арналған интернат үйлерінде тұратын адамдар;
- жоғары оқу орындарының оқушылары;
- арнаулы орта оқу орындарының оқушылары;
- кәсіптік-техникалық училищелердің оқушылары комиссиялық алым төлеуден б о с а т ы л с ы н .

Инвестициялық жекешелендіру купондардың мақсаты бойынша бұдан былайғы беруге байланысты келесі операцияларды жасағаны үшін чек кітапшаларының иелері Меммүліккомы мен Жинақ банкі белгілеген мөлшерде және тәртіп бойынша комиссиялық алым төлейді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1993.10.18. N 1385 қаулысымен.

II. Инвестициялық купондарды пайдалану

15. Инвестициялық купондарды оларды тіркеу мен алу орындарына қарамастан, олардың иелері Қазақстанның бүкіл аумағындағы /әр лекте бірнеше қорға/ инвестициялық жекешелендіру қорына /бұдан әрі қорлар/ орналастыруы м ү м к і н .

Жекешелендіру легінің алғашқы кезеңінде жалпы берілетін купондар сомасының 20 проценті салуға жатады. Әрбір кейіннен болатын жекешелендіру легіне купондар салудың мөлшерін жекешелендіретін кәсіпорындар санына, сондай-ақ жаппай жекешелендіру бағдарламасының шегінде чектік аукциондарда сату үшін түсетін акциялар санына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілейді.

16. Үкімет жариялаған жаппай жекешелендіру басталған сәттен бастап купон иелері бәсіре салымдарын таңдап алған жекешелендіру қорының шотына өздері ашқан шоттарға өздері көрсеткен купондар сомасын беру арқылы жүзеге асырады. Азаматтардың тапсыруы бойынша Жинақ банкісінің бөлімшесі инвестициялық купондардың белгілі мөлшерін олар көрсеткен инвестициялық қ о р ғ а а у д а р а д ы .

Қорларды таңдау мен оған инвестициялық жекешелендіру купондарын салуға берілетін уақыты - әрбір жекешелендіру легі басталған сәттен бастап - 2 ай.

17. Әрбір жекешелендіру легіндегі бірінші аукцион аяқталғаннан кейін купон иесі қолданылып жүрген Заңға сәйкес ресімделген инвестициялық қор акциясына а й ы р б а с т а й д ы .

Инвестициялық қор акцияларының еркін сатылуы мүмкін.

Купон иесі тұратын аумақтан сырт орналасқан қорға купон салған жағдайда купон салу мен акциялар алуға байланысты барлық операциялар қорлардың ф и л и а л д а р ы н д а жүргізіледі.

18. Инвестициялық купондардың қор шотына аударылғандығы туралы мәліметтер түскен бойда олар белгіленген тәртіппен қорда тіркеледі /компьютер, кітапшадағы жазба/. Жазбаларда: купон иесінің аты-жөні, әкесінің аты, жинақ банкісіндегі бәсіре шоты, купон аударуды жүзеге асырған Жинақ банкісі бөлімшесінің барлық деректемелері көрсетіледі.

Инвестициялық қорларда инвестициялық купондарды орналастыру тәртібі ти і с т і Е р е ж е м е н р е т т е л е д і .

19. Инвестициялық купондар жекешелендіру құралы ретінде бір рет пайдаланылады. Инвестициялық купондарды өтеу рәсімін Қазақстан Республикасының Жинақ банкісі мен Қаржы министрлігінің келісімі бойынша М е м м ү л і к к о м б е л г і л е й д і .

20. Арнайы чек кітапшасы жоғалған немесе бүлінген жағдайда ол Қазақстан Республикасының Мамандандырылған мемлекеттік банкісінің нұсқамаларында қарастырылған тәртіппен қайтадан беріледі.

21. Жекешелендіру купондарының иелері мен инвестициялық жекешелендіру қорының арасында туған барлық даулар сот арқылы шешіледі.